

**«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б.363-365.**

## **ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ РЕТТІЛІКТІҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕР ЕТУІН ЕСКЕРУ МӘСЕЛЕСІ**

*Алиев М.М., магистрант,*

Территориялық реттілік қоғамдық өндірістің өндіргіш күштерінің орналасуына ықпал жасай отырып, оның экономикалық тиімділігіне жаңа түрде әсер етеді. Бірінші кезекте бұл ауылшаруашылық өндірісіне қатысты.

Ауылшаруашылық өндірісінің биотәуелділігімен қатар, аса маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның кеңістікте бытыраңқы орналасуы. Осыған байланысты оның өндіргіш күштерінің жеке элементтерінің – өндірістік орталықтарының, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдарының, ауылшаруашылық алаптардың және т.б. территорияда орналасу сипаты өндірістің экономикалық тиімділігіне, сонымен бірге оның өндіретін өнімдерінің бәсекелестік қабілеттілігіне айтарлықтай жоғары деңгейде ықпал жасайды. Қазіргі кезде өндірістің тұрақты дамуын және осының негізінде оның бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету аса маңызды стратегиялық міндет. Атап отырған міндетті орындаудың басты шарттарының бірі өндірістің территориялық негізін дұрыс қалыптастыру болып табылады [1].

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру мәселесі ғылыми тұрғыдан айтарлықтай кең зерттелген. Дегенмен жарыққа шығып жатқан көптеген еңбектерде қарастырылып отырған проблема жерге орналастырудан, территорияны ұйымдастырудан тыс аспектіде зерттелген.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының бәсекелестік қабілеттілігіне көптеген табиғи және әлеуметтік – экономикалық факторлар әсер етеді. Солардың арасында, жоғарыда айтылғандай, ауылшаруашылық өндірісінің территориялық жағынан ұйымдастырылуы, оның жерге орналастыруға қатысты жағдайлары. Ауылшаруашылық кәсіпорындардың экономикалық тиімділігі, олардың өнімдерінің бәсекелестік қабілеттілігі жер пайдаланушылықтары мен жер иеліктерінің территориялық ұйымдастырылуымен тікелей өзара байланысты. Бұл проблема жерге орналастыру және жер кадастры аспектісінде алғашқы рет қарастырылуда, сондықтан оны шешу қажеттілігінің өзектілігі және жаңашылдығы шүбәсіз.

Осы мәселені шешу барысында бәсекелестікке қабілетті өнімді өндіре алатын ірі агроқұрылымдардың жер пайдаланушылықтарына әсер ететін факторларды айқындау, оларға қойылатын талаптарды анықтап

белгілеу және осының негізінде оларды жетілдіру жөніндегі жерге орналастыру әдістемесіне ұсыныстар енгізу аса маңызды міндет [2].

Зерттеуге тартылып отырған проблеманы тиісті ғылыми-әдістемелік деңгейде жүзеге асыру шарттарының бірі - жерге орналастырулық жобалау жұмыстарын жүргізу барысында территорияны реттестіріп, оны ауылшаруашылық өндірістің қажеттіліктеріне бейімдеу керек. Осымен қатар шаруашылықаралық жерге орналастыру шеңберінде қалыптастырылатын агроқұрылымдардың жер учаскелерін, сол территориядағы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың элементтерін барынша тиімді орналастыру қажет. Территорияны, оның жалпы ресурстік потенциалын ескере отырып бағалау арқылы аймақтаудың нәтижесінде, шаруашылықаралық жерге орналастыру жұмыстарын жүргізудің негізі қалыптастырылады.

Соңғысының басты мақсаты – белгілі бір территориялардың ауылшаруашылық өндірісін жүргізуге, жеке өнімдерді өндіруге қолайлы кеңістік жағдай жасау.

Территориялық реттілікті қалыптастыру барысында, аймақтың биоклиматтық және экономикалық факторларын ескере отырып, барлық ресурстік потенциалын барынша толық пайдалануға жағдай жасалуға тиісті. Демек оны бағалау арқылы шаруашылықаралық жерге орналастыруды жүргізудің кеңістік негізі құрылуына тиісті.

Қарастырылып отырған территорияда іс жүзінде бар ауылшаруашылық кәсіпорындарының жер пайдаланушылықтары мен жер иеліктерін орналастыруда, олардың мамандандырылғандығы мен жалпы өндірістік бағыттарын белгілеуге қолданылады. Осымен бірге бұл территориялық құрылым ішкішаруашылық жерге орналастыруды жүргізу барысында да қолданылуға тиісті - ауылшаруашылық алаптар мен ауыспалы егістіктерді, дақылдарды және т.б. жобалағанда.

Жалпы территорияның құрылымдық негізін кешенді ресурстік потенциалы бойынша қалыптастыру екі негізгі құрамдас бөліктерден тұрады. Олар оның агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілері. Осыған сәйкесті зерттелуге тартылған объектінің бір жағынан табиғи, екінші жағынан, әлеуметтік - экономикалық жағдайлары мұқият бағалануға тиісті. Қарастырылып отырған ғылыми-әдістемелік міндетті жүзеге асыру барысында территорияның бүкіл, ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігіне, оның өнімдерінің бәсекелестік қабілеттілігіне әсер ететін факторлар назарға алынып зерттеледі. Сөзсіз, аталып отырған жағдайлар мен факторлардың барлығы бірдей деңгейде ықпал етуі мүмкін емес. Осыған себепті олар талдауға тартыла отырып, арасынан ең маңыздылары іріктелуге тиісті.

Бұл жобалық міндетті жүзеге асыру үшін зерттеуге тартылған аймақтың ресурстік потенциалын, демек оның агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бағалау қажет. Осының негізінде қарастырылып отырған территорияның кеңістік құрылымдық негізін жасау қажет. Жерге орналастыру мақсатына аймақтау жөніндегі әдістеме алдымен жерге орналастырудың шаруашылықаралық түріне қатысты және соңғысының мақсатына жүргізілуіне тиісті. Оның шеңберінде, жерді үлестірумен және

басқа да оның міндеттерімен қатар, қарастырылатын аса маңызды мәселердің бірі – ауылшаруашылық кәсіпорындарының жер учаскелерін тиімді орналастыру және аграрлық саланың өндіргіш күштерін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тұрғыдан дұрыс жайғастыру болып табылады. Бұл ауылшаруашылық өндірістің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған мәселені тиісті ғылыми-әдістемелік деңгейде жүзеге асыру үшін жерге орналастыру жұмыстарын жүргізудің алдында территорияны, оның кешенді ресурстік потенциалын жан-жақты бағалай отырып, аймақтау керек. Оның басты мақсаты белгілі бір өңірдің ауылшаруашылық өндірісін жүргізуге, жеке өнімдерді өндіруге жарамдылығын анықтай отырып, территорияны агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық потенциалы бойынша аймақтау екі өзара тығыз байланысты жобалық міндеттерді орындауды қамтиды. Біріншісі – биоклиматтық аймақтау, екіншісі - әлеуметтік-экономикалық аймақтау. Қарастырылып отырған міндеттерге сәйкес территорияның табиғи-климаттық және экономикалық жағдайлары кешенді түрде бағалануға тиісті. Зерттелудегі осы ғылыми-әдістемелік міндетті жүзеге асыру барысында территорияның ауылшаруашылық өндірісінің жалпы тиімділігіне, оның бәсекелестік қабілеттілігіне әсер ететін факторлар ескерілуге тиісті. Оларды талдау нәтижесінде арасынан ең маңыздылары айқындалады.

Осы арада ең басты фактор территорияның табиғи-климаттық жағдайлары, ал солардың арасында – топырақтың құнарлылығы және түсетін ылғалдың көлемі. Ғалымдардың пайымдауынша, олар ауылшаруашылық өндірісінің нәтижелерін орта мөлшермен алғанда 60-80% мөлшерінде себептейді екен.

Аграрлық өндірістің экономикалық тиімділігі, табиғи жағдайлармен қатар, аса жоғары деңгейде әлеуметтік-экономикалық факторлардан байланысты. Соңғыларына халықтың қоныстану тығыздығы, елді мекендер жүйесінің сипаты, олардың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарымен жабдықталуы, ауылшаруашылық кәсіпорындарының орналасу ерекшеліктері, мамандандырылғандығы және т.б. [3].

Қарастырылып отырған жағдайлардың арасында аса маңызды фактор – ауылшаруашылық кәсіпорындарының өнім тапсыру және сервистік (қызмет көрсету) орталықтарынан орналасу сипаты (қашықтығы). Бұл жағдай ауылшаруашылық өндірістегі шығындардың едәуір бөлігін, жоғарыда айтылғандай, оның кеңістікте бытыраңқы орналасуына себепті, транспорттық шығындары құрайтынына байланысты.

Талданып отырған негізгі факторлар ескеріле отырып, биоклиматтық және әлеуметтік-экономикалық аймақтау арқылы ауылшаруашылық өндірістің территориялық (кеңістік) негізі қалыптастырылады [4].

Осы іс-әрекетті жүзеге асыруда аса күрделі биоклиматтық (агробиологиялық) және әлеуметтік-экономикалық аймақтау нәтижелері қабыстырыла отырып, агроөндірістің территориялық негізін қалыптастыру болып табылады [5].

Ауылшаруашылық өндірістің бәсекелестік қабілеттілігі мен экономикалық тиімділігін арттыру мақсатымен агроөндірістің территориялық негізін қалыптастыру барысында территорияның аймақтау және осының негізінде оның жобалық міндеттерді жүзеге асыру келесідей жүйелілікте жүргізілуге тиісті:

- территорияның агробиологиялық потенциалын бағалау мақсатымен ауылшаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігіне ықпал жасайтын *табиғи* факторларды анықтап талдау;

- территорияның *экономикалық* потенциалын бағалау мақсатымен ауылшаруашылық өндірістің тиімділігіне ықпал жасайтын әлеуметтік-экономикалық факторларды анықтап талдау;

- территорияның кешенді ресурстік потенциалын анықтау;

- территорияны кешенді ресурстік потенциалы бойынша аймақтау;

- агроөндірістің территориялық негізін қалыптастыру;

- ауылшаруашылық кәсіпорындарды аймақтау схемасының негізінде орналастыру;

- әдістемелік ұсыныстарды техника-экономикалық тұрғыдан негіздеу.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Хибатдолда Н. Ел экономикасын дамыту – аймақтардың территориялық даму жағдайын көтеруден басталады. «Сәкен тағылымы-6» атты республикалық ғылыми-теоретикалық конференцияның материалдары. Астана, 2010ж., 30-31 б.

2. Жаломский В. Землеустройство как фактор повышения конкурентоспособности зерновых хозяйств. «Сәкен тағылымы-6» атты республикалық ғылыми-теоретикалық конференцияның материалдары. Астана, 2014ж., 130б.

4. Крыкбаев Ж.К., Абельдина Р.К., Джаманкулова Б. Г. Оценка и использование агробиологического потенциала сельских территорий. Астана. Вестник КАТУ им. С.Сейфуллина, 2017 с. 141-145

5. Stig Enemark, Robin McLaren, Paul Van der Molen. Land governance in support of the millennium development goals. A new agenda for land professionals. [Текст] FIG/World Bank Conference, Washington DC, USA. FIG publication №45, 2009.